

Жеңіл газойль (қ.б. 175-200⁰С-қ.с. 320-350⁰С) дизельді отынның компоненті ретінде, күйе өндіруде шикізат ретінде, сонымен қатар мазутты алуда толықтырғыш ретінде қолданылады.

Ауыр газойль - каталитикалық крекингтің қалдық өнімі. Мазутты даярлауда және шикізат ретінде күйені өңдеуде, термиялық крекингте және кокстеуде қолданылады.

3.2. Каталитикалық риформинг

Бензиндерді каталитикалық риформингтеу қазіргі мұнай өңдеудің және мұнай химиясының маңызды процесі болып табылады. Ол ароматты көмірсутектердің мұнайхимиялық шикізаты ретінде және мұнайхимиялық өндірудің гидрогендеу процесінде қолданылатын техникалық сутекті, автокөлік бензиндердің жоғарыоктанды компоненттерін біркелкі алуға қызмет атқарады. Сондықтан қазіргі мұнай өңдеу зауытының сұлбасында каталитикалық риформинг басты орындардың бірін алып отыр. Күкіртті мұнайда жұмыс жасағанда қазіргі мұнай өңдеу зауытының отын бөлімінің принципті технологиялық сұлбасының жобасы 24-суретте көрсетілген.

Риформинг - жоғары октанды бензиндерді, ароматты көмірсутектерді және техникалық сутекті алу мақсатымен мұнай өнімдерін және мұнайдың бензинді және лигроин фракцияларын өңдеу тәсілі. Риформингтің негізгі екі түрін айырады: термиялық риформинг, онда шикізаттан тек жоғары температурада жоғарыоктанды бензиндер өндіреді және каталитикалық риформинг, мұнда алғашқы өнімнің түрленуі жоғары температураның және катализатордың біріккен әсерімен жүреді.

Бұрында кең көлемді жоғарыоктанды бензиндерді алуға қолданылатын термиялық риформинг 550⁰С температурада және 70-100 атм. қысымда құбыр тәріздес пештерде жүргізілген. Пештен шығып жатқан өнім булары дереу суытылады (терең ыдыраудан сақ болу үшін). Риформинг бензиннің шығымы 65-90%, октан саны 70-80 (алғашқы өнімнің октан саны - 45-50).

Термиялық риформинг түрлерінің бірі-полиформинг, онда риформингтеу қысым астында және көмірсутектерді циркуляциялау арқылы жүргізіледі, ол қанықпаған күйіндегі көмірсутектердің жартысын полимерлеуге мүмкіндік беріп, бензиннің шығымын арттырады. Термиялық риформинг кемшіліктері газ және кокс түрінде риформингтелінетін өнімнің үлкен шығындары және бензиндегі